

## Сарыкемер ауылындағы көше атауларын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Бәйтерек ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 46 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 шілдеде № 3879 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2018 жылғы 19 сәуірдегі қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ауылдық округ әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бәйтерек ауылдық округінің Сарыкемер ауылының көше атаулары өзгертілсін:

- 1) Автопарк көшесі Саяхат көшесіне;
- 2) Звездная көшесінің 2-бұрылысы Зербұлақ көшесіне;
- 3) Звездная көшесінің 5-бұрылысы Ақбұлым көшесіне;
- 4) Новая көшесі Жиделі көшесіне;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Бәйтерек ауылдық округі әкімінің орынбасары Жуманов Куаныш Жетписбаевичке жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*А. Абдуалиев*